

ОҚУ ЖҰМЫС БАҒДАРЛАМАСЫ (СИЛЛАБУС)

ОҚЫТУ ӘДІСТЕРІ МЕН ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ

Мазмұны

1. Жалпы ақпарат	3
1.1. Курс атауы	3
1.2. Силлабусты әзірлеушілер	3
1.3. Кафедра	3
1.4. Білім беру бағдарламасы	3
1.5. Жалпы кредит саны	3
1.6. Оқу түрі	3
1.7. Уақыты, орны және тіркеу	3
1.8. Оқыту тілі	3
2. Іске асыру сипаттамасы	3
2.1. Модульге шолу	3
2.2. Курстың қысқаша сипаттамасы	4
2.3. Құзыреттіліктер, оқу нәтижелері және бағалау критерийлері	4
2.4. Оқыту әдістері және жоспарланған оқу іс-шаралары, оқытуға жетекшілік ету	6
2.5. Бағалау әдістері және бағалау үшін негіз	8
2.6. Іске асырудың балама әдістері	11
2.7. Оқу тапсырмалары және студенттердің жұмыс жүктемесі	11
2.8. Білім берудің инклюзивті жағдайларын қамтамасыз ету	19
3. Өтпелі тақырыптар және пәнаралық байланыс	20
3.1. ББ-дағы өтпелі тақырыптарды іске асыру	20
3.2. Пәнаралық байланыс	20
4. Әдебиеттер және ресурстар	20
4.1. Негізгі әдебиеттер	20
4.2. Қосымша әдебиеттер	21
4.3. Өзге ресурстар	21
5. Қосымша ақпарат	21
5.1. Қосымша ақпарат	21
6. Курс саясаты	21
Қосымша 1. Ауызша және жазбаша тапсырмаларды бағалау критерийлері	22
Қосымша 2. Курс құрылымы	22

1. Жалпы ақпарат

1.1. Курс атауы	Оқыту әдістері мен технологиялары
1.2. Силлабусты әзірлеуші/лер	Жетекші университет
	Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті
1.3. Кафедра	Жаратылыстану және география
1.4. Білім беру бағдарламасы	6B01- Педагогикалық ғылымдар
1.5. Жалпы кредиттер саны	5 академиялық кредит (150 сағат): 60 практикалық сағат, 90 сағат студенттің өзіндік жұмыс
1.6. Оқу түрі	Күндізгі оқыту
1.7. Уақыты, орны және тіркеу	оқу жоспарына сәйкес, офис регистратор
1.8. Оқыту тілі	Қазақша

2. Іске асыру сипаттамасы

2.1. Модульге шолу
Осы модуль оқыту мақсаттарына сәйкес интерактивті және тұлғаға бағытталған оқыту мен бағалауды жүргізу үшін педагогикалық жоғары оқу орындарының болашақ оқытушыларының құзыреттерін қалыптастырады. Модуль цифрлық құралдар мен технологияларды пайдалануға, қоғамдағы және білім беру ортасындағы тұрақты өзгерістер жағдайында педагогикалық технологияларды жаңарту және қолдану қабілетіне назар аударады. Бұл модуль студент-педагогтардың өздерінің педагогикалық қызметін жетілдіру үшін әртүрлі серіктестіктерде қарым-қатынас пен ынтымақтастыққа құзыреттілігін дамытуға ықпал етеді.
Модульдің атауы
«Оқыту мен оқуды бағалау» модулі
Оқыту әдістері мен технологиялары
Бағалау және дамыту
2.2. Курстың қысқаша сипаттамасы
Курстың мақсаты – студенттерде оқытудың әдіснамалық жүйесі туралы тұтас түсінік қалыптастыру, нақты педагогикалық мәселелерді шешудің стратегиялары мен технологияларын модельдеу, жоспарлау, басқару, оқыту және бағалау, сондай-ақ белгілі бір мектептің талаптары мен білім алушылардың мүмкіндіктеріне сәйкес білімін, оқыту нысандарын, әдістері мен технологияларын пайдалану қабілеті болып табылады. Курстың мазмұны:

1. Білім берудің негізгі принциптері (білім берудің мақсаттары мен міндеттері, педагогикалық технологиялар, білім беру процесін құру принциптері).
2. Интерактивті оқыту әдістері (проблемалық бағдарланған оқыту (PBL), жобалық оқыту, геймификация, кейс-әдіс, зерттеушілік оқыту, үйден оқу және т.б.).
3. Оқыту әдістемесі (оқу жоспарлары мен бағдарламаларын әзірлеу, әртүрлі оқыту әдістері мен тәсілдерін қолдану, оқу материалын студенттердің қажеттіліктеріне бейімдеу).
4. Білімді бағалау және бақылау (білім алушылардың білімі мен дағдысын бағалау әдістері, бақылау мен кері байланыс берудің әртүрлі формаларын пайдалану).
5. Білім беру технологиялары (заманауи ақпараттық технологиялар мен қашықтан оқыту әдістерін қолдану).
6. Ерекше білім беру қажеттілігі бар балалармен жұмыс (физиологиялық дамуы әртүрлі және когнитивті қабілеттері бар балалармен жұмысқа білім беру процесі мен оқыту әдістемесін бейімдеу).

2.3. Құзыреттіліктер, оқу нәтижелері және бағалау критерийлері

Оқу процесінде студенттер:

- білім алуға қолайлы педагогикалық модельдерді таңдайды;
- технология ұсынатын мүмкіндіктерді ескере отырып, шығармашылық жағынан білім беру және әртүрлі білім беру әдістерін қолданады;
- өзі оқытқанда қолайлы оқу ожағдайын пайдаланады.

Оқыту нәтижелері:

1. Оқытуға жарамды педагогикалық модельдерді таңдау, білім беру саласындағы оқу-кәсіптік міндеттерді шешу үшін теориялық және практикалық білім пайдалану.
2. Оқу процесінде инновациялық технологияларды қолдану және пәндік-тілдік интеграцияланған (CLIL) және STEAM-білім беру әдістерін қолдану.
3. Оқу процесінде оқушылардың әртүрлі қабілеттерін ескере отырып, оқытуда тиісті инклюзивті оқу жағдайын пайдалану және оқыту әдістерін сәйкесінше бейімдеу.
4. Авторлық құқық пен деректерді қорғау қағидалары мен принциптерін білу және қолдану.

Оқу нәтижелері	Бағалау критерийлері		
	Үздік	Жақсы	Қанағаттанарлық
Оқытуға жарамды педагогикалық модельдерді таңдау, білім беру саласындағы оқу-	- пікірталастарға қатысады, білім беруге қолайлы педагогикалық модельдерді таңдауда шығармашылық және жаңашыл ойлау;	- алған теориялық білімдерін практикада қолданатын жеке және топтық тапсырмаларды орындайды;	пәнді сапалы игеруді және педагогикалық модельдерді дұрыс таңдауды қамтамасыз ететін оқу мәселелерін шешудің практикалық

<p>кәсіптік міндеттерді шешу үшін теориялық және практикалық білім пайдалану.</p>	<p>- білім беру мәселелерін шешу және білім беру тиімділігін қамтамасыз ету үшін педагогикалық модельдерді таңдау үшін шығармашылық тәсілді қолданады.</p>	<p>- оқу процесіне қажетті педагогикалық модельдерді оңтайлы таңдау үшін білім алушының оқу қызметін ұйымдастыру құралдарын қолданады.</p>	<p>дағдыларын теориялық жағынан біледі және меңгереді.</p>
<p>Оқу процесінде инновациялық технологияларды қолдану және пәндік-тілдік интеграцияланған (CLIL) және STEAM-білім беру әдістерін қолдану.</p>	<p>- инновациялық технологияларды пайдалана отырып, алған білімдерін тіршілік ету жағдайларын шешуде шығармашылық жағынан қолданады; - оқу материалын игеру кезінде STEAM оқыту әдістерін қолдана отырып, оқу процестері арасында байланыс орнатады және нақты мысалдармен оларды орындау тәсілдерін дәлелдейді.</p>	<p>- ақпаратты алу-беру, нәтижелі диалогқа қатысу үшін пәндік-тілдік интеграцияланған (CLIL) тіл және сөйлеу құралдарын пайдаланады; - оқу материалдарын игеру, өзіндік зерттеу жұмыстарын ұсыну кезінде STEAM оқыту әдістерін қолдана отырып, процестер арасындағы байланысты көрсетіп, түсіндіреді.</p>	<p>инновациялық әдістер мен технологияларды жүйеге келтіреді және оларды оқу процесінде қолдану дағдыларын көрсетеді.</p>
<p>Оқу процесінде оқушылардың әртүрлі қабілеттерін ескере</p>	<p>- оқушылардың әртүрлі қабілеттерін ескере отырып, оқытудың инновациялық</p>	<p>инклюзивті білім беру контекстінде оқушылардың әртүрлі қабілеттеріне</p>	<p>- оқушылардың қабілеттеріне қарай инклюзивті білім беру бойынша оқу</p>

отырып, оқытуда тиісті инклюзивті оқу жағдайын пайдалану және оқыту әдістерін сәйкесінше бейімдеу.	әдістері мен технологиялары н таңдай алады	сәйкес тапсырмаларды құрастыру кезінде өз қабілеттерін көрсетеді.	материалдарын сауатты таңдайды.
Авторлық құқық пен деректерді қорғау қағидалары мен принциптері н білу және қолдану.	- авторлық құқық қағидаларын және оның зияткерлік меншігін қорғауды талдайды; - өзінің педагогикалық қызметінде пайдалану үшін авторлық құқық пен деректерді қорғауды сақтауды ұсынады және түсіндіреді.	- оқу процесінде басқалардың зияткерлік еңбек нәтижелерін қолдану кезінде деректерді қорғауды түсіндіре алады.	инновациялық әдістер мен технологияларды пайдалану кезінде авторлық құқық қағидаларын талқылайды.

2.4. Оқыту әдістері және жоспарланған оқу іс-шаралары, оқытуға жетекшілік ету

Осы «Оқыту әдістемесі мен технологиялары» курсы 2.3-бөлімдегі кесте негізінде анықталған төрт негізгі бөлімге бағытталған:

- Педагогикалық модельдерді таңдау (1, 2 сабақтар);
- Әдістер мен технологияларды қолдану (3-8, 9-11 сабақтар);
- Инклюзивті білім беру (12-14 сабақтар);
- Авторлық құқық және деректерді қорғау қағидаларын қолдану (15 сабақ).

Бұл курсқа 15 дәріс және дәрістерге байланысты семинар сабақтар, сондай-ақ СӨЖ кіреді.

Дәріс сабақтары студенттерді кәсіби және зерттеу қызметіне қажетті негізгі ғылыми ақпаратпен қамтамасыз етеді. Дәрістің мәтіні терең теориялық мазмұнды (ғылыми, қол жетімді, дәйекті) әрі практикалық/зертханалық/семинар оқу сабақтарымен белгілі бір байланыста болуы керек.

Дәріс сабақтарында студенттердің белсенділігін арттыру мақсатында, 1, 3, 13, 15-тақырыптары бойынша дәрістер осы тақырып бойынша әрбір қатысушының пікірін қалыптастыру үшін дәріс-пікірталас (топта идеялар, пайымдаулар, пікірлер алмасу) түрінде өткізіледі. Дәріс барысында оқытушы студенттерге қарастырылып отырған мәселе бойынша студенттердің пікірі мен хабардар болу деңгейін, олардың кейінгі материалды қабылдауға дайын болу дәрежесін анықтау үшін сұрақтар қояды. Мысалы, «Проблема туралы (...туралы мәселе бойынша, осы туралы) Сіздің пікіріңіз қандай?», «Сіздің көзқарасыңыз қандай?», «Сіз проблемаға (мәселеге, сөздерге, көзқарасқа, осыған) қалай қарайсыз?». Студенттердің пәнді оқуға деген ынтасын арттыру үшін оқытушы олардың жауаптарын қолдауы керек (Мен бұл көзқарасты қолдаймын; мен сол пікірді ұстанамын; мен осы бағалауға; бұл пікірге қосыламын), сондай-ақ оқытушы немесе басқа студенттер өздерінің келіспеушіліктерін білдіруі мүмкін (Мен бұлай екеніне сенімді емеспін; менің пікірім басқаша; мен бұл пікірге қосыла алмаймын). Оқытушының/басқа студенттердің келіспеушілігі оларға осы оқу материалын тереңірек өз бетінше зерттеуге көмектеседі.

2, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 14-тақырыптар бойынша дәрістер көрсетілім дәріс формасында өтеді, оның аясында теориялық материалдың басым бөлігі ақпаратты интерактивті тақтаның көмегімен құрылымдық-логикалық схемалармен, суреттермен, базалық конспектілермен, графиктермен, кестелермен, диаграммалармен және т.б. беріледі). Ұсынылған форма қарастырылып отырған оқу материалдары арасындағы байланыстарды анық көруге, сондай-ақ материалды көрнекі көруге мүмкіндік береді, жаңа материалды жақсы игеріп, есте сақтауға ғана емес, сонымен қатар осы курстың қарастырылып отырған оқу материалдарының мәнін тереңірек зерттеуге мүмкіндік береді. Оқытушы ауызша ақпаратты толықтырып қана қоймай, өздері де ақпарат беруші болып табылатын осындай көрнекілік формаларын қолданады. Мысалы, «Заманауи педагогикалық технологиялар» дәрісі. Дәрістің негізгі бөлімінде педагогикалық процестің ұйымдық-әдістемелік құралы ретінде заманауи педагогикалық технологиялар көрсетілген. Студенттерге «Педагогикалық технология мен әдістеменің айырмашылығы неде?» деген кестені толтыру ұсынылады. Студенттер оқытушымен бірге педагогикалық технология мен әдістеменің түрлері мен айырмашылықтарын анықтап, кестені толтырады.

11-12-тақырыптар бойынша дәрістер студенттердің іс-әрекетіне ізденіс, зерттеу сипатын беруге мүмкіндік беретін зерттеу дәрісі түрінде өткізіледі. Материалды баяндау барысында, оқытушы шешу үшін білім алушылар әлі меңгермеген білім қажет болатын бағалау жүйесінің инновациялық процестерінің мәнін, білім беру саласындағы білім алушылардың нәтижелерін бақылау және бағалау жүйесінің қазіргі заманғы бағыттары мен мүмкіндіктерін және оқу жетістіктерін бағалау технологиясын ашатын проблемалық жағдайды қозғайды. Зерттеу дәрістері ойлауды дамытуға, зерттелетін тақырыпқа және жалпы пәнге деген танымдық қызығушылықты қалыптастыруға мүмкіндік береді. Дәрісті бастамас бұрын оқытушы студенттердің оқу нәтижелерін бағалау әдістері бойынша білімдерін тексеру үшін дербес тапсырма береді (қысқаша сипаттау). Тапсырма: «Дәстүрлі бағалау жүйесін оқушылардың білі алу жетістіктерін бағалаудың заманауи тәсілдерімен салыстыру». Жауап жазғаннан кейін студенттерге жұмыстарын алмасуды және оларды өздері тексеруін ұсынуға болады. Бұл ретте, студенттерді

оқытушымен ынтымақтастықта және диалогта тану процесі зерттеу әркетіне жақын. Проблеманың мазмұны оның шешімін іздеуді ұйымдастыру немесе дәстүрлі және заманауи көзқарастарды қорытындылау және талдау арқылы ашылады.

Бұл тәсілдер дәрісті тиімдірек етеді және материалды студенттердің санасына жеткізуге мүмкіндік береді. Дәріс оқу диалог режимінде өткізіліп, оқытушы дайындаған көрнекі материалдар жан-жақты түсіндіріледі, дәріс тақырыбын толық ашады. Осылайша ұсынылған ақпарат студенттердің білімін жүйеге келтіруді, проблемалық жағдайларды құруды және оларды шешу мүмкіндіктерін қамтамасыз етеді; танымдық және кәсіби қызметте маңызды болып табылатын әртүрлі көрнекі тәсілдерді көрсетеді.

Семинар сабақтары интерактивті режимде өтеді, оны оқытушы мен студенттер оқу материалының тақырыбына қатысты түрлі мәселелерді қарастыра отырып, жанды диалог түрінде жүргізеді. Оқытушы студенттер қажетті ақпаратты тауып үлгеруі үшін семинарға сұрақтарды ертерек беріп қояды.

Семинар сабақтарын әртүрлі формада өткізуге болады, мысалы, пікірталас түрінде (проблемалық мәселелерді талқылау); ситуациялық талдау түрінде (кейстерді талдау); дөңгелек үстел (қойылған мәселелерді топтық талқылау); мастер-класс немесе тренинг (жаңа дағдыларды оқытуды қамтиды).

Дөңгелек үстел форматында өтетін семинар сабақтары барлық студенттердің өздері үшін өзекті мәселелерді бірлесіп талқылауы жолымен өтеді. Оқытушы модератор ретінде талқылау барысын бақылап, бағыттап отырады. Мысалы, студенттер топтарға бөлініп, әр студент оқу материалының тақырыбы бойынша өз көзқарасын білдіреді, содан кейін студенттердің пікірлері, түсініксіз немесе даулы жақтары талқыланады.

Топтық талқылау өткен материалды бекітуге ықпал етеді және өткізілген оқудың тиімділігін бағалауға көмектеседі.

Оқу процесі қолайлы жағдайларда (материалдық-техникалық жарактандыру, оқу-әдістемелік ресурстардың жеткіліктілігі, білім беру жүйесінің субъектілеріне оқу процесін ұйымдастыру мен жүзеге асырудың сай болуы) жүзеге асырылады, аталған әдістерді ойдағыдай іске асыру үшін заманауи технологиялар мен интерактивті құралдарды (оқытуға арналған электрондық платформалар, мысалы, Moodle, Blackboard, талқылаулар мен таныстырылымдарға арналған веб-конференциялар, ғылыми әдебиеттер мен зерттеу материалдарына қол жеткізуге арналған онлайн ресурстар) пайдалану ұсынылады.

2.5. Бағалау әдістері және бағалау үшін негіз

Оқуды бағалау оқытушы жұмысының бөлігі болып табылады. Бағалау білім беру мақсаттары мен критерийлеріне негізделген, ол оқу мен оқытудың сапасын тексереді.

Оқуды бағалау оқытушы мен студентке оқудың қай кезеңінде студенттен нақты қандай жетістіктер күтілетінін және курсты аяқтағаннан кейін студенттер қандай оң нәтижеге қол жеткізгенін нақты анықтауға мүмкіндік береді.

Негізгі міндет – бақылаудың барлық түрлері үшін бағалау әдістері мен құралдарын таңдау болып табылады, олардың көмегімен курсты оқудың жоспарланған нәтижелеріне қол жеткізуді тиімді бағалауға болады. Бағалау әдісін

таңдау әрқашанда бұл әдістің оқытудың қандай нәтижесін бағалауға арналғанына байланысты (семинар сабақтарда студенттердің талқылауы, сұрақтарға жауаптар, сұхбаттасу, тестілеу, бақылау/зертханалық жұмыс, өздік тапсырмаларды орындау, жағдайларды талдау (кейс әдісі), жоба әдісі) 15 апта ішінде (мысалы, 60%) және қорытынды топтық жобалық жұмысты орындау (мысалы, + 40%).

Семинар сабақтарда қалыптастырушы және қорытынды бағалау функцияларын орындайтын әртүрлі бағалау әдістері қолданылады. Негізгі білімді анықтау үшін ауызша сауалнаманы (сұрақтарға жауаптар, сұхбат) немесе жазбаша жұмыстарды (тестілеу, бақылау/зертханалық жұмыс) пайдалануға болады. Мысалы, студент педагогикалық модельдерді таңдауды талқылауға қатысады, өз ойын білдіреді және ашық, анық, дәлелді түрде пайымдайды. Оқытушы мен студент оқитын пәнге қатысты тақырыптар бойынша әңгімелескен кезде, олардың дайындық деңгейін және, жалпы, оқу бағдарламасы бойынша студенттің жетістіктерінің сапасын анықтауға болады.

Студенттерге ұсынылатын сұрақтар немесе тапсырмалар бұрын алынған ақпаратты еске түсіруге бағытталуы мүмкін, сұрақтарға жауаптар студенттің білімін, ой-өрісін, қиынды жауап бере білуін бағалауға мүмкіндік береді. Сұрақтарға жауаптар мен әңгімелесу оқытушы мен студенттің нәтижелі серіктестік диалогына жағдай жасауды көздейді (1, 2, 9 семинар сабақтар – 20%).

Жазбаша жұмыстарға тесттер, бақылау/зертханалық жұмыстар, эсселер және т.б. жатқызылады. Тест тапсырмалары білім беру нәтижелерін бағалаудың заманауи қисынына сәйкес келетін стандартты емес жағдайды көрсететін, проблемалық сипатта болуы керек. Бақылау жұмысы негізделген жауап іздеуді қажет ететін сұрақтардан, мәселелерден немесе тапсырмалардан тұрады, ал зертханалық жұмыс студенттердің алған білімдерін практикада қолдануға дайындығын бағалауға бағытталған шағын ғылыми жобаны немесе эксперименттік жұмысты қамтиды (3, 5 семинар сабақтар – 20%).

Бағалау үшін оқытушы студенттерге эссе жазуды ұсына алады, оның мақсаты – өз бетінше ойлау дағдыларын дамыту және өз тұжырымдарын жазбаша түрде ұсыну (6, 14 семинар сабақтар – 20%).

Семинар сабақтарда бағалаудың инновациялық әдістері – кейстер әдісі (жағдайларды талдау) және жобалар әдісі де қолданылады. Кейс әдісінің мәні мынада: бақылау материалы студенттерге білім мен дағдылар белсенді және шығармашылық жұмыстың (өздігінен мақсат қою, қажетті ақпаратты жинау, оны әртүрлі көзқараста талдау, гипотеза, қорытынды шығару, қорытындылау, білім алу және оның нәтижелерін шығару процесін өзін-өзі бақылау) нәтижесінде алынады деп болжанатын проблемалар (кейстер) түрінде беріледі. Студенттерді кейсте ұсынылған жағдаймен таныстыру кезінде, ең алдымен, кейстің негізгі проблемаларын анықтап, ұсынылған проблемалардың қайсысы шешім үшін маңызды екенін түсіну керек; кейстің ситуациялық контекстіне ену, талдау үшін қажетті фактілер мен ұғымдарды таңдау, мәселені шешуде қандай қиындықтар туындауы мүмкін екенін түсіну; зерттеу әдісін таңдау керек. Кейсті талқылауды ұйымдастыру студенттердің алдында сұрақтарды тұжырымдауды, оларды пікірталасқа қосуды қамтиды. Сұрақтар, әдетте, алдын-ала дайындалады және студенттерге кейс мәтінімен бірге ұсынылады.

Жобалар әдісі қызмет нәтижелеріне кешенді, байыпты көзқарасты, теория мен практиканың байланысын, кәсіби міндеттерге пәнаралық, жүйелік көзқарасты қамтамасыз етеді. Шағын жобаны құру оқыту және бақылау функциясын орындай алады, оның мазмұны пән бойынша студент меңгеретін тақырыптың атауымен (дәріс, семинар сабағы, СӨЖ) байланысты болуы керек. Студенттер өз білімдеріне сүйене отырып, жұптық немесе топтық тапсырмаларды орындайды. Нәтижесінде, студент үшін де, оқытушы үшін де шығармашылық әлеуетті дамыту үшін жағдайлар жасалады. Бағалаудың инновациялық әдістері студенттерге сабақтың мақсаттарын дербес тұжырымдауды, оларға жетудің тиімді жолдарын табуды, оқу қызметін ұйымдастыру құралдарын (білім беру әдістемесі мен технологиясын дұрыс таңдау) қолдануды, оқыту қызметін жүзеге асыруды және талдауды үйретуге мүмкіндік береді, сондай-ақ зияткерлікті дамытады, топтық қызмет тәжірибесін алуға ықпал етеді. Мысалы, оқу пәнін оқытудың күнтізбелік жоспарын құру, оқу пәнін оқыту моделін құру үшін оқытудың тиімділігін қамтамасыз ету әдістері мен технологияларын таңдау (4, 7, 8, 10, 13, 14, 15 семинар сабақтар – 40%).

Бағалау студенттің осы оқуына баға береді және нәтижелерді дамыту мақсатында және шешім қабылдау үшін пайдалануға болады.

Бағалаудың барлық айтылған әдістері қалыптастырушы әрі қорытынды бағалау функцияларын бірдей орындай алады. Студенттің қорытынды бағасы оқу курсының жинақталған бағасы негізінде қалыптастырылады. Бұл ретте, жинақталған баға жоспарланған нәтижелердің барлық жиынтығының орындалуын, сондай-ақ оқу кезеңіндегі студенттердің білім беру жетістіктерінің динамикасын сипаттайды.

Семинар сабақтары мен СӨЖ бағалау үшін өзара бағалау, өзін-өзі бағалау және оқытушының бағалауы қолданылады.

Өзара бағалау басқа топтың жұмысты орындауының артықшылықтары мен кемшіліктерін анықтауға және жұмысты қалай жақсартуға немесе түзетуге болатыны туралы кеңестермен қолдан келгенше жәрдем беруге көмектеседі, сондай-ақ құрдастарының басқа адамдардың жұмысын бағалау, кері байланыс алу-беру арқылы өзін-өзі реттеуді бір-бірінен үйренуге мүмкіндік береді.

Студенттердің өзін-өзі бағалауы оқушылардың үлгерімін білдіреді. Өзін-өзі бағалау процесі оқушылардың түсінуін және оқу мақсаттарын ұғынуын жақсартады. Студенттер өздерінің қазіргі нәтижелерін қалағанымен салыстырады, өздері үшін оқу мақсаттарын қояды және оларға қандай қадамдар көмектесетінін анықтайды. Өзін-өзі бағалау мысалы: 1) сұрақтар дайындау; 2) зерттеу жүргізу; 3) қажетті міндеттерді таңдау; 4) топта белсенді жұмыс істеу; 6) сауатты, қысқа, түсінікті, нақты сөйлеу; 7) проблемалық жағдайларды шешу; 8) бір топтағы студенттерге мәселелерді шешуге көмектесу; 9) өз көзқарасын түсіндіру, дәлелдер келтіру және сендіру, сондай-ақ жаңа идеяларды қабылдау.

Оқытушының бағалауы – оқытушы тұрақты жеке/топтық кеңес беруді, орындалған тапсырмалар бойынша кері байланысты, оқу материалдары мен жоспарларын әзірлеу бойынша дербес жетекшілік етуді, сондай-ақ студенттердің теориялық материал мен практикалық дағдыларды білуіне қолдау көрсетуді қамтамасыз етеді.

Бағалау және кері байланыс стратегиясы оқуды жеңілдетеді және оқушыларға өз жетістіктерін көрсетуге және талқылауға мүмкіндік береді. Оқу курсы бағалау

«оқытушы-студент», «студент-студент» және «студент-оқытушы» кері байланыс жүйелері бойынша бағаланады.

Мұғалім мен оқушы арасындағы кері байланысты бағалау кезінде мұғалім әр оқушының (басқалардың ынтасын түсірмей, бір оқушыға жоғары деңгейге жетуге көмектесу және т.б.) ерекшеліктерін ескереді.

«Студент-студент» кері байланыс жүйесіндегі бағалау оқушылардың бір-бірінен үйренуіне, жаңа оқу материалын игеруіне, өз пікірін дәлелдеуіне (студенттер тапсырманы орындау тәсілдерін талқылайды, проблеманы талқылау, түсініксіз сұрақтарға жауап алу кезінде өз пікірлерін және т.б.) бағытталған.

«Студент-оқытушы» кері байланыс жүйесіндегі бағалау – оқушылар оқытушының жұмысын бағалау арқылы өз білімдерін жетілдіреді.

2.6. Іске асырудың балама әдістері

Білім беру бағдарламасын іске асырудың альтернативті әдістерінің бірі – студенттерді курстың таңдалған тақырыптары бойынша онлайн оқыту болып табылады, бұл оларға бейне дәрістер, электрондық кітаптар, онлайн курстар сияқты әртүрлі онлайн ресурстарды пайдалана отырып, оқу материалдарын өз бетінше оқуға мүмкіндік береді. Онлайн әдісті студенттер курсты төтенше жағдайларда немесе дәлелді себеп болған кезде оқыған жағдайда пайдаланады.

Оқушылардың алдыңғы оқудан алған білімі мен дағдыларын бағалау үшін тестілеу, практикалық тапсырмалар, портфолио жасау емесе топтық пікірталас және т.б. қоса алғанда, әртүрлі әдістерді қолдануға болады. Бұл процесте мұғалім қажетті қолдау көрсетуде және оқушылардың нәтижелерін бағалауда шешуші рөл атқарады. Бұл сонымен қатар студенттерге өздерінің білім деңгейлері мен дағдыларын дербес бағалауға мүмкіндік береді, бұл олардың өзін-өзі дамытуына және оқуға деген ынтасына ықпал етеді.

2.7. Оқыту мақсаты және жұмыс жүктемесі

Пәнді оқу дәрістерді, семинар/практикалық/зертханалық сабақтарды және оқытушының жетекшілігімен студенттің өзіндік жұмысын қамтиды.

Студенттің жалпы жүктемесі 5 ECTS (150 сағат): 60 сағат байланыста болу, 90 сағат студенттің өзіндік жұмысы.

Студенттердің жалпы жүктемесі дәрісті, өзіндік жұмысты, оқу тапсырмаларын орындауды және сабаққа дайындықты қоса алғанда, аптасына шамамен 7-8 сағатты құрауы мүмкін.

Апта	СӨЖ атауы	Тапсырманы орындау кезеңдері және тапсырманы орындауға кететін уақыт	Сағат
2	1-СӨЖ. Оқу пәнін оқытудың тиімділігін қамтамасыз ету үшін педагогикалық модельді жобалау.	Педагогикалық модельді жобалау үшін: - оқу пәнін оқыту мақсаттарын (білім беру, дамыту, рефлексивті, тәрбиелік) (2 сағат); - құралдарды (оқыту әдістері, оқыту технологиясы, оқыту жағдайы) (3 сағат); - нәтижені (оқу пәнін оқыту моделінің жобасы) (3 сағат) анықтау.	8

4	<p>2-СӨЖ. STEAM оқыту әдістері туралы әртүрлі ресурстардағы (мысалы: http://rptica.ru/Stati/Chto-takoe-STEAM-obrazovanie/) жарияланымдарды оқу және оларды оқу процесінде пайдалануға мысалдар келтіру.</p>	<p>STEAM-білім беру оқушылардың ғылыми әдістерді іс жүзінде қалай қолдануға болатынын түсіне бастайтын аралас ортаны білдіреді.</p> <p>Деректерді дайындау және жинау (8 сағат):</p> <ul style="list-style-type: none"> - STEAM-ді оқу процесін ұйымдастырудың жобалық формасы ретінде түсіндіру (2 сағат); - шешімінің нәтижесі оқу орны шеңберінде пайдаланылуы мүмкін міндеттердің қолданбалы сипатын сипаттау (3 сағат); - оқытудың пәнаралық сипатын түсіндіру (3 сағат); <p>Оларды оқу процесінде пайдалануға мысалдар келтіру (5 сағат).</p>	14
8	<p>3-СӨЖ. Шығармашылық жоба: «Үйден оқып келу» сабағы оқушыларды оқытуға қалай ықпал етеді?»</p>	<p>Шығармашылық жоба – бұл студенттердің өзіндік, шығармашылық жұмысы, жұмыс нәтижелерін жобалауға стандартты емес тәсілдемені білдіреді.</p> <p>Төменде ұсынылған сұрақтарға жауап бере отырып, өз ойын дәлелдеу:</p> <p>Үйден оқып келу сабағының негізгі принциптері қандай? (2 сағат)</p> <p>Үйден оқып келу (Flipped Classroom) оқыту технологиясының қандай артықшылығы бар? (2 сағат)</p> <p>Аралас үйден оқып келу оқыту моделінің мұғалімге қандай көмегі бар? (2 сағат)</p> <p>Үйден оқып келу сабағының басты рөлі қандай? (2 сағат)</p> <p>Үйден оқып келу оқуының кемшіліктеріне біз нені жатқыза аламыз? (2 сағат)</p> <p>Flipped Classroom – күшті және әлсіз жақтары? (2 сағат)</p> <p>Үйден оқып келу пікірталасқа бағдарланған мысалдар келтіру (3 сағат)</p>	15
10	<p>4-СӨЖ. Педагогикалық процесті диагностикалау, түзету және реттеудің заманауи технологияларын қолдану ерекшелігін анықтау</p>	<p>Педагогикалық технология және мұғалімнің шеберлігі.</p> <p>Ұсынылған алгоритм бойынша заманауи оқу сабағын жобалау технологиясын сипаттау:</p> <ul style="list-style-type: none"> - «Заманауи оқу сабағы» ұғымына анықтама беру (2 сағат); 	15

		<p>- қазіргі заманғы оқу сабағына мақсат пен міндеттерді тұжырымдау ерекшеліктерін сипаттау (2 сағат);</p> <p>- жүйелік әрекеттік тәсілдемені іске асыру жағдайында оқушылардың қызметін ұйымдастырудың қолданылатын әдістері мен тәсілдерінің, оқыту технологияларының, формаларының ерекшеліктерін сипаттау (2 сағат);</p> <p>- жүйелік әрекеттік тәсілдемені іске асыру жағдайында, оқу материалын (тапсырмалар, жаттығулар) таңдау мақсатын сипаттау (2 сағат);</p> <p>- сабақты қорытындылау үшін мұғалім тұжырымдайтын педагогтардың іс-әрекетін бағалау ерекшеліктерін сипаттау (2 сағат).</p> <p>Сабақтың технологиялық картасының құрылымдық компоненттерін әзірлеу (5 сағ).</p>	
12	5-СӨЖ. Бағалау әдістерін сипаттау	<p>Бағалау әдісін таңдау болжамды оқу нәтижелеріне байланысты.</p> <p>Төменде ұсынылған сұрақтарға жауап беру және қазіргі заманғы кәсіптік білім берудегі бағалау әдістерін сипаттау.</p> <p>Болжамды оқу нәтижелерін білу үшін қандай бағалау әдісі қолайлы? (5 сағ);</p> <p>Студенттермен үздіксіз кері байланысты қалай қамтамасыз етуге болады? (5 сағ);</p> <p>Оқытушының бағалаудағы рөлі қандай және студенттердің рөлі қандай (мысалы, өзін-өзі бағалау және өзара бағалау)? (5 сағ).</p>	15
14	6-СӨЖ. «Инклюзивті мәдениетті дамыту» тақырыбында эссе жазу.	<p>Эссе – бұл автор қандай да бір себеп немесе мәселе бойынша жеке әсерлері мен ойларын білдіретін еркін формадағы қысқа эссе.</p> <p>Эссе белгілі бір мәселе бойынша студенттің жеке ойын білдіреді және тақырыпты анықтауды немесе толық түсіндіруді талап етпейді.</p> <p>Жоспарлау (1-2 сағат):</p> <p>- эссенің тақырыбы мен мақсатын анықтау;</p> <p>- кіріспе, негізгі бөлімі және қорытындысы бар эссе жоспарын жазу.</p>	10

		<p>Дәлелдерді негіздеу үшін қажетті ақпаратты жинап, талдау.</p> <p>Кіріспе жазу (1-2 сағат):</p> <ul style="list-style-type: none"> - тақырыптың маңыздылығы негізделіп тезисті жазылған кіріспе абзацты тұжырымдау. <p>Негізгі бөлімді жазу (2-3 сағат):</p> <ul style="list-style-type: none"> - жоспарға сәйкес аргументтерді дамыту және кеңейту: - әр аргументті мысалдармен, дәйексөздермен немесе статистикамен күшейту; - негізгі бөлікті нақты қисынды дәйектілікпен абзацтарға құрылымдау. <p>Қорытынды жазу (30 минут - 1 сағат):</p> <ul style="list-style-type: none"> - қорытынды шығару және негізгі тезистердің қайталау; - бұдан әрі зерттеулер бойынша жалпыланған қорытындылар мен ұсыныстарды тұжырымдау. <p>Редакциялау және өңдеу (1-2 сағат):</p> <ul style="list-style-type: none"> - орфографиялық, грамматикалық және пунктуациялық қателерді тексеру және түзету; - дәлелдердің құрылымы мен логикасын қайта қарау және жетілдіру; - цитаталар мен ақпарат көздеріне сілтемелерді тексеру. 	
15	7-СӨЖ. Педагогикалық процестің қызметінде зияткерлік меншіктің авторлық құқығының ұсыныстарын әзірлеу.	<p>Оқытушы/студент зияткерлік қызмет нәтижесіне айрықша құқығы бар тұлға ретінде оны өз қалауынша заңға қайшы келмейтін кез келген тәсілмен пайдалануға құқылы.</p> <p>Ұсынысты әзірлеу үшін:</p> <ul style="list-style-type: none"> - инновациялық әдістер мен технологияларды пайдалану кезінде авторлық құқық ережелерін талқылау (4 сағат); - авторлық құқық және өзінің зияткерлік меншігін қорғау ережелерін талдау (4 сағ); - педагогикалық процес қызметінде зияткерлік меншіктің авторлық құқығының ұсыныстарын жасау (5 сағат). 	13
Жиыны:		90	

2.8. Білім берудің инклюзивті жағдайларын қамтамасыз ету

Оқу курсы студенттің жынысына, нәсілдік/этникалық тегіне, діни сенімдеріне, әлеуметтік-экономикалық жағдайына қарамастан, барлық білім алушыларға әрдайым қолдау көрсету мен тең қарым-қатынасты және қауіпсіз жағдайды қамтамасыз етеді. Оқушылар өздері жайлы ақпаратпен ашық бөлісе алады. Кемсітіп қорлауға және еміншектенуге мүлдем жол берілмейді. Егер Сіз қандай да бір кемсітіп қорлау немесе еміншектену жағдайларын байқасаңыз, бұл жайлы мұғалімге хабарлаңыз.

3. Өтпелі тақырыптар және пәнаралық байланыс

3.1. ББ-дағы өтпелі тақырыптарды іске асыру

Оқу курсы шеңберінде педагогикалық білім берудің мынадай әдістері мен қағидаттары іске асырылады:

Тұлғалық бағдарланған тәсіл – студенттер білім беру саласының белсенді құрылысшылары болып табылады.

Педагогтың жеке тұлғалық дамуы – кәсіби даму, педагогтың даму дағдыларын қалыптастыру және қолайлы жұмыс жағдайын жасау.

Білім беруді цифрландыру – бұл білім беру процесінде цифрлық құралдар мен ресурстарды пайдалану.

Инклюзивті білім беру – әлеуметтік-мәдени жағынан оқыту әдістері (білім алушылардың білім алу қажеттіліктерін қанағаттандыру).

3.2. Пәнаралық байланыс

Оқыту курсы пәнаралық құзыреттілікті, педагогикалық құзыреттілікті, оқыту мен оқуды бағалауды, практик мұғалімнің модельдерін қалыптастырумен пәнаралық байланыста жүзеге асырылады.

Пәнаралық коммуникация арқылы оқыту – пәндік-тілдік (CLIL) және STEM, STEAM оқытудың интеграцияланған әдістері.

Пәндік-тілдік интеграцияланған оқыту (CLIL) ақпаратты алу және беру, өнімді диалогқа қатысу үшін тіл мен сөйлеу құралы ретінде қолданылады.

STEAM оқыту әдісін қолдану оқу материалын игеру кезінде жүзеге асырылады.

Әртүрлі пәндер бойынша интеграцияланған сабақтарды ұйымдастыру, оқу-әдістемелік материалдарды бір мақсат арқылы интеграциялау (функционалдық сауаттылықты, 21 ғасыр дағдыларын қалыптастыру) және оқыту технологияларын тиісінше таңдау.

Зерттеуге бағытталған оқу – бұл теория мен педагогикалық практиканың байланысы, зерттеу жұмысы арқылы оқу материалын зерттеу.

4. Әдебиет және ресурстар

4.1. Негізгі әдебиеттер

1. Андропова Н. М. Географияны оқытудағы заманауи педагогикалық технологиялар. Пенза, 2016.

2. Перевалова Т. В. Технологияларды оқытудың теориясы мен әдістемесі: оқу құралы. Орал. мемлекеттік пед. ун-т – - Екатеринбург, 2016. 55 б.
3. Е. А. Тоқпанов, А. Ө. Әбілғазиев. А. М. Сергеева, Б. Ш. Әбдіманапов. Geografiyanu oqytý ádistemesi. Оқулық - 1 және 2 бөліктер. Алматы. 2022 - Evero, - 244 б.
4. Таможня Е. А. географияны оқыту әдістемесі: Академиялық бакалавриаттың оқулығы мен практикумы. - М.: "Юрайт" баспасы, 2018. - 321 б.

4.2. Қосымша әдебиеттер

1. Тимоти Уокер. Финдік білім беру жүйесі: Әлемдегі үздік мектептер қалай жұмыс істейді. – 2018. - 195 б.
2. Дэйв Бургесс. Оқу шытырман оқиға ретінде. Сабақтарды қалай қызықты және керемет етуге болады. – 2015. 155 б.
3. Ольга Даутова. Оқу байланысы. Дәстүрлі және инновациялық технологиялар. – 2018. 104 б.

4.3. Өзге ресурстар

1. <https://urait.ru> 🎵 Методология-обучение-география-433224
2. <https://b2b2.su/book-39644.html>
3. Методология преподавания-3-ei-66251606/
4. <https://urait.ru/bcode/424297>
- 5' <https://elib.bsu.by> > битстрим > 1 > Ермолович2

5. Қосымша ақпарат

5.1. Қосымша ақпарат

Жоғары оқу орындарында әзірленген барлық білім беру бағдарламаларының қолданылу аясын кеңейту.

Республикалық жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру оқу-әдістемелік кеңесімен дайындалған білім беру бағдарламаларын келісіп, бекітуді қамтамасыз ету.

Жаратылыстану ғылымдары және география институтының Ғылыми кеңесіне талқылауға дайындалған оқу жоспары мен бағдарламасын ұсыну және бекіту.

Тақырып бойынша таныстырылымдар, интернет-ресурстан қосымша материалдар дайындау.

ЖАОК ұйымдастыру – оқу тақырыбы бойынша жаппай ашық онлайн курстарды ұйымдастыру.

Оқу материалдарын, онлайн-сервисстер мен платформаларды дайындау, географияны оқыту әдістемесі мен технологиялары бойынша интерактивті сабақтарды ұйымдастыру.

6. Курс саясаты

6.1. Курс саясаты

Студент университеттің келесі ішкі құжаттарының талаптарын қатаң сақтауы керек:

1. Академиялық саясат;
2. Академиялық адалдық ережелері;
3. Студенттің ар-намыс кодексі;
4. ЖОО-ның ішкі ережелері;
5. Студенттің ішкі тәртіп ережелері;
6. Қарыз алу көлеміне жазбаша жұмыстарды тексеруді жүргізу қағидалары мен тәртібі.

- Әрбір орындалмаған тапсырма үшін студент "0" балл алады, сабақта болмағаны үшін студент «бж» (болған жоқ) белгісін алады. Студенттің сабаққа 15 минуттан артық кешігуі кезінде студентке «бж» электронды журналына қойылады.
- Сабақ барысында телефонды немесе басқа құрылғыларды силлабуста көрсетілгеннен басқа жағдайларда (мысалы, электрондық ресурстар арқылы сауалнама жүргізу немесе бағалау үшін) пайдалануға тыйым салынады. Аралық бақылау немесе емтихан өткізу кезінде телефондар, электрондық гаджеттер, шпаргалкалар тартып алынады.
- Барлық студенттік жұмыстар (СӨЖ, қазіргі, аралық және қорытынды бақылау жұмыстары) қарыз алу көлеміне жүйемен тексеріледі. Егер мәтіннің/жұмыстың бірегейлігі коэффициенті белгіленген шекті деңгейден төмен болса) - жұмыс қабылданбайды.
- Пән саясатын бір рет бұзған жағдайда білім алушы оқытушыдан ауызша ескерту алады, пән саясатын жүйелі түрде бұзған кезде оқытушы кафедра меңгерушісіне баяндайды.
- Сыбайлас жемқорлық фактілері анықталған, үшінші тұлғалар тарапынан оқытушыға қысым жасалған жағдайда оқытушы комплаенс-офицерге қызметтік жазбаны бастау үшін кафедра меңгерушісіне баяндайды.

6.2. Бағалау және аттестаттау саясаты

Білім алушының оқу жетістіктері әр сабақ түрі бойынша апта сайын (академиялық саясатқа сәйкес) жеке 100 балдық шәкіл бойынша бағаланады.

Бағалау саясаты объективтілік, ашықтық, икемділік және жоғары саралау қағидаларына негізделеді. Пәнді оқу әртүрлі формадағы емтиханмен (жазбаша немесе ауызша емтихан, тестілеу, жобаны қорғау) аяқталады. Бағдарламада көзделген барлық тапсырмаларды орындау - емтиханға өтудің міндетті шарты. Қазіргі және аралық бақылау формалары, емтихан тапсыру формасы оқытушы айқындайды және әдістемелік секция қаралғаннан және ұсынылғаннан кейін кафедра отырысында бекітіледі. Ауызша және жазбаша тапсырмалар/емтихандар 1-қосымшаға сәйкес 0-100 баллмен бағаланады. Тапсырмалардың (жоба, сурет, презентация, топтық жоба және т. б.) басқа түрлері тапсырманың ерекшелігіне сәйкес жасалған критерийлер бойынша бағаланады.

Қосымша 1. Ауызша және жазбаша тапсырмаларды бағалау критерийлері

Баға	Критерий
А 95-100	Қойылған сұраққа толық, егжей-тегжейлі жауап берілген, ұғымдармен еркін жұмыс жасауда, оның маңызды және маңызды емес белгілерін, себеп-салдарлық байланыстарын ажырата білуде көрінетін объект туралы саналы білімнің жиынтығы көрсетілген. Объект туралы білім оны осы ғылым жүйесінде және пәнаралық байланыстарда түсіну аясында көрсетіледі. Жауап академиялық тілде баяндалған, қисынды, дәлелді, білім алушылардың авторлық ұстанымын көрсетеді.
А- 90-94	Қойылған сұраққа толық, егжей-тегжейлі жауап беріледі, объект туралы саналы білімнің жиынтығы көрсетіледі, тақырыптың негізгі ережелері дәлелді түрде ашылады; жауапта ашылатын ұғымдардың, теориялардың, құбылыстардың мәнін көрсететін нақты құрылым, логикалық реттілік байқалады. Объект туралы білім оны осы ғылым жүйесінде және пәнаралық байланыстарда түсіну аясында көрсетіледі. Жауап академиялық тілде берілген. Жауап беру процесінде білім алушылардың өз бетінше түзетілген ұғымдарды анықтауда кемшіліктер жіберілуі мүмкін.
В+ 85-89	Қойылған сұраққа толық, егжей-тегжейлі жауап берілді, тақырыптың негізгі ережелері дәлелді түрде ашылды және жауапта нақты құрылымы көрінеді, ашылатын ұғымдардың, теориялардың, құбылыстардың мәнін көрсететін логикалық реттілік байқалады. Жауап академиялық тілде берілген. Жауапта оқытушының көмегімен білім алушыға түзетілген кемшіліктер жіберілді.
В 80-84	Қойылған сұраққа толық, егжей-тегжейлі жауап берілді, маңызды және маңызды емес белгілерді, себеп-салдарлық байланыстарды бөліп көрсету мүмкіндігі көрсетілді. Жауап нақты құрылымдалған, қисынды, академиялық тілде баяндалған. Оқытушының көмегімен білім алушыға түзетілген кемшіліктер немесе елеусіз қателіктер жіберілуі мүмкін.
В- 75-79	Қойылған сұраққа толық жауап берілді, маңызды және маңызды емес белгілерді, себеп-салдарлық байланыстарды бөліп көрсету мүмкіндігі көрсетілді. Жауап нақты құрылымдалған, логикалық, ғылым терминдерін қолдану арқылы берілген. Алайда білім алушыға жетекші сұрақтар арқылы түзетілген кішігірім қателіктер немесе кемшіліктер жіберілді.
С+ 70-74	Қойылған сұраққа толық, бірақ жеткіліксіз дәйекті жауап берілген, бірақ сонымен бірге маңызды және маңызды емес белгілер мен себеп-салдарлық байланыстарды бөліп көрсету мүмкіндігі көрсетілген. Жауап логикалық және ғылыми терминдерді қолдану арқылы берілген. Білім алушы өз бетінше түзетуі қиын болған негізгі ұғымдарды анықтауда 1-2 қате жіберуі мүмкін.
С 65-69	Толық әрі ашық емес жауап берілген. Презентацияның логикасы мен дәйектілігі бұзушылықтарға ие. Ұғымдарды ашуда, терминдерді қолдануда қателіктер жіберілді. Білім алушы елеулі және елеусіз белгілерді және себеп-салдарлық байланыстарды дербес ажырата алмайды. Білім алушы жалпыланған білімді

	мысалдармен олардың негізгі ережелерін тек оқытушының көмегімен дәлелдей отырып нақтылай алады. Сөйлеу әдеті түзетулерді, өзгертулерді қажет етеді.
C- 60-64	Толық емес жауап берілген, логика және презентация дәйектілігі айтарлықтай бұзушылықтарға ие. Студенттердің олардың маңызды және маңызды емес белгілері мен байланыстарын түсінбеуіне байланысты ашылған ұғымдардың, теориялардың, құбылыстардың мәнін анықтауда өрескел қателіктер жіберілді. Жауапта тұжырымдар жоқ. Жалпыланған білімнің нақты көріністерін ашу мүмкіндігі көрсетілмеген. Сөйлеу әдеті түзетулерді, өзгерістерді қажет етеді.
D+ 55-59	Толық емес жауап берілді. Презентацияның қисынсыздығы бар. Білім алушыға дәлелдеу қиын. Терминдердің, ұғымдардың анықтамаларындағы, фактілерді, құбылыстарды сипаттауда елеулі қателіктер көп. Жауапта тұжырымдар жоқ. Білім алушы оқытушының нұсқауынан кейін ғана білім арасындағы байланыстың бар екенін түсіне бастайды.
D 50-54	Анықтамалардағы елеулі қателіктер кеткен сұрақ тақырыбы бойынша шашыраңқы біліммен көрсетілген толық емес жауап берілген. Фрагментация, презентацияның қисынсыздығы бар. Білім алушы осы ұғымның, теорияның, құбылыстың модульдің (пәннің) басқа объектілерімен байланысын білмейді. Тұжырымның қорытындылары, нақтылануы және дәлелдемесі жоқ. Оқытушының қосымша және нақтылау сұрақтары білім алушының қойылған сұраққа ғана емес, сонымен қатар модульдің (пәннің) басқа сұрақтарына жауабын түзетуге әкелмейді.
FX 0-49	Қанағаттанарлық бағаға алғанға дейін қайта тапсыру мүмкіндігі беріледі.
F	Бағдарламада көзделген негізгі материалды білудегі олқылықтар анықталды, модуль (пән) бағдарламасының жартысынан көбін игермеді, жауаптарда түбегейлі қателіктер жіберді, қазіргі, аралық және қорытынды бақылау формаларында көзделген жекелеген тапсырмаларды орындамады, бағдарламада көзделген барлық негізгі әдебиеттерді пысықтамады.

Қосымша 2 Курс құрылымы

Апта	Тақырыптың атауы (дәріс, семинар сабақ, СӨЖ)	Сағат
1.	1-дәріс. Педагогикалық оқыту моделі.	
	1-семинар сабағы. Оқу пәнін оқыту моделі.	
2.	2-дәріс. Оқу қызметін ұйымдастыру құралдары.	
	2-семинар сабағы. Құралдар онлайн және офлайн оқытуды ұйымдастыру үшін қажет.	
	1-СӨЖ. Оқу пәнін оқытудың тиімділігін қамтамасыз ету үшін педагогикалық модельдер әзірлеу.	
	СОӨЖ – оқытушымен байланыс сағаты.	
3.	3-дәріс. Инновациялық оқыту әдістері мен технологиялары.	

	3-семинар сабағы. «Әдістеме» және «педагогикалық технология» ұғымдарының арақатынасын анықтау.	
4.	4-дәріс. Оқыту әдістері мен тәсілдері.	
	4-семинар сабағы. Оқыту формалары мен әдістерін талдау.	
	2-СӨЖ. STEAM оқыту әдістері туралы әртүрлі ресурстардағы (мысалы: http://rptica.ru/Stati/Chto-takoe-STEAM-obrazovanie/) жарияланымдарды оқу және оларды оқу процесінде пайдалануға мысалдар келтіру.	
	СОӨЖ – оқытушымен байланыс сағаты.	
5.	5-дәріс. Оқытудың белсенді әдістері.	
	5-семинар сабағы. Дәстүрлі және заманауи оқыту әдістерінің айырмашылығы мен тиімділігі.	
6	6-дәріс. Оқыту әдістері және олардың жіктелуі.	
	6-семинар сабағы. Зерттеуге негізделген оқыту.	
7	7-дәріс. Проблемалық бағдарланған оқыту.	
	7-семинар сабағы. Оқу процесінде проблемалық бағдарланған оқытуды қолдану.	
8	8-дәріс. Оқытудың үйден оқып келу әдісі.	
	8-семинар сабағы. Үйден оқып келу әдісінің артықшылықтары мен кемшіліктерін талдау.	
	3-СӨЖ. Шығармашылық жоба: «Үйден оқып келу» сабағы оқушылардың білім алуына қалай ықпал етеді?»	
	СОӨЖ – оқытушымен байланыс сағаты.	
9	9-дәріс. Заманауи педагогикалық технологиялар.	
	9-семинар сабағы. Инновациялық технологияларға негізделген оқу процесін ұйымдастыру нысаны.	
10	10-дәріс. Кейс-технология.	
	10-семинар сабағы. Кейстердің әртүрін пайдалану.	
	4-СӨЖ. Педагогикалық процесті диагностикалау, түзету және реттеудің заманауи технологияларын қолдану ерекшелігін анықтау	
	СОӨЖ – оқытушымен байланыс сағаты.	
11	11-дәріс. Оқу нәтижелерін бағалау әдістері.	
	11-семинар сабағы. Білім алушылардың жеке жетістіктерін бағалау әдісі.	
12	12-дәріс. Бағалау түрлері және оларды қолдану тәсілдері.	
	12-семинар сабағы. Бағалаудың әртүрлі түрін талдау.	
	5-СӨЖ. Бағалау әдістерінің сипаттамасы.	
	СОӨЖ – оқытушымен байланыс сағаты.	
13	13-дәріс. Инклюзивтік білім беру	
	13-семинар сабағы. Инклюзивті білім беруді оқытудың ерекшеліктерін талдау.	

14	14-дәріс. Инклюзивті білім берудегі инновациялық технологиялар.	
	14-семинар сабағы. Инклюзивті білім беру үдерісіндегі интеграция түрлері.	
	6-СӨЖ. «Инклюзивті мәдениетті дамыту» тақырыбына эссе жазу.	
	СОӨЖ – оқытушымен байланыс сағаты.	
15	15-дәріс. Педагог қызметкердің қызметінде және білім алушылардың авторлық құқығы және зияткерлік меншікті қорғау ережелері.	
	15-семинар сабағы. Зияткерлік педагогикалық қызметті реттеу және механизмі.	
	7-СӨЖ. Педагогикалық қызметте зияткерлік меншіктің авторлық құқығының ұсыныстарын әзірлеу.	
	СОӨЖ – оқытушымен байланыс сағаты.	
Барлығы		150